

"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 87 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілсін

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	17 қаңтардағы
№ 87 қаулысымен	
бекітілген	

«Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес әзірленген және денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидалар:

1) құрылысқа жер учаскесін таңдау;
2) жобалау, салу, қайта жаңарту;
3) үй-жайларды және жабдықтарды күтіп-ұстау;
4) медициналық қалдықтарды жинау, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау
ж ә н е к ө м у ;

5) науқастарды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ медицина персоналының еңбек жағдайлары;

6) медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилдеу және дезинфекциялауды
ж ү р г і з у ;

7) санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу кезінде денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтиды.

3. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) антисептик – микробтарды жою мақсатында теріге немесе тінге қолдануға арналған микробқа қарсы химиялық агент;

2) антисептика – емдеуді қамтамасыз ету және инфекциялық үдерістің дамуының алдын алу мақсатында терідегі, шырышты қабықшалардағы, жаралар мен қуыстардағы әлеуетті қауіпті микроорганизмдердің тіршілік етуіне бөгет жасау немесе жою тәсілдерінің жиынтығы;

3) асептикалық режим – микробтардың жараға түсуінің алдын алатын санитариялық-техникалық және санитариялық-гигиеналық іс-шаралар кешені;

4) асептикалық бөлімше – науқаста іріңді инфекция болмағанда медициналық көмек көрсетуге арналған үй-жай;

5) бокс – сырттан науқас келіп түсуіне арналған, жеке есігі бар үй-жай. Оның құрамына: палата, санитариялық торап, ванна және шлюз кіреді;

6) жеке босандыру палатасы немесе бірге болу палатасы – босанатын бір әйелді босандыруға арналған, санитариялық торабы бар, босанған әйел жаңа туған нәрестесімен стационардан шыққанға дейін болатын, жабдықталған үй-жай ;

7) медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнер (бұдан әрі – ҚЖКЖК) – медициналық қалдықтарды жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған су өткізбейтін және тесілмейтін, бір рет қолданылатын сыйымдылықтар ;

8) медициналық қалдықтар – медициналық қызметтер көрсету және медициналық манипуляциялар жүргізу үдерісінде пайда болатын қалдықтар;

9) қауіпті емес қалдықтар – қатты тұрмыстық қалдықтарға ұқсас, пациенттердің биологиялық сұйықтықтарымен, инфекциялық науқастармен

жанаспайтын қалдықтар (тұтынушылық қасиетінен айырылған кеңсе құралдары, қаптама, жиһаз, мүкәммал, аумақты жинағаннан қалған қоқыс, орталық ас блоктарының, сондай-ақ инфекциялық, оның ішінде фтизиатриялық қызметтен басқа, медициналық қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымның барлық бөлімшелерінің тамақ қалдықтары) – А сыныбы;

10) эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар – инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар (қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар және аспаптар, заттар, патологоанатомиялық қалдықтар, органикалық операциялық қалдықтар: ағзалар, тіндер, инфекциялық бөлімшелердің тамақ қалдықтары, патогендігі 3-4 топтардың микроорганизмдерімен жұмыс істейтін микробиологиялық, клиникалық-диагностикалық зертханалардың, фармацевтикалық, иммундық биологиялық өндірістердің қалдықтары, виварийлердің биологиялық қалдықтары, пайдалануға жарамсыз тірі вакциналар) – Б сыныбы;

11) төтенше эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар – (инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында төтенше жағдайлардың пайда болуына алып келуі мүмкін және аумақты санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды жүргізуді талап ететін материалдар, патогендігі 1-2 топтардың микроорганизмдерімен жұмыс істейтін зертханалардың, фармацевтикалық және иммундық биологиялық өндірістердің қалдықтары, фтизиатриялық стационарлардың емдеу-диагностикалық бөлімшелерінің қалдықтары, туберкулез қоздырғыштарымен жұмысты жүзеге асыратын микробиологиялық зертханалардың қалдықтары) – В сыныбы;

12) токсикологиялық қауіпті қалдықтар – пайдалануға жатпайтын қалдықтар (дәрілік, оның ішінде цитостатиктер, диагностикалық, дезинфекциялау құралдары), құрамында сынап бар заттар, аспаптар мен жабдық, фармацевтикалық өндірістердің шикізаттары мен өнімдерінің қалдықтары, жабдықты, көлікті, жарықтандыру жүйелерін пайдалану қалдықтары) – Г сыныбы;

13) радиоактивті қалдықтар – (құрамындағы радионуклидтер белгіленген радиациялық қауіпсіздік нормаларының рұқсат етілген деңгейлерінен асатын, кез келген агрегаттық күйдегі қалдықтардың барлық түрлері) – Д сыныбы;

14) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйым – сырқаттанушылықтың алдын алу және оны төмендету, науқастарды анықтау, ауруханаға жатқызу, науқастарды стационарлық қадағалаумен, тексерумен, емдеумен және оқшаулаумен байланысты емес білікті медициналық көмек көрсету бойынша профилактикалық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық етуші денсаулық сақтау субъектілері;

15) санитариялық-эпидемияға қарсы режим – денсаулық сақтау

объектілерінде инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу және таратылуы жөніндегі іс-шаралар кешені;

16) жылжымалы медициналық объект – арнайы медициналық жабдық орнатылған, дәрігер мамандардың кабинеттері бар көлік құралдары (автомобиль, теміржол, теңіз, өзен) базасында орналасқан ұтқыр консультациялық-диагностикалық денсаулық сақтау объектісі;

17) серіктестік босандыру – босанатын әйелге жақын адамдардың босану барысында бірге болуы және қатысуы;

18) денсаулық сақтау объектілері – денсаулық сақтау ұйымдары өздерінің қызметін жүзеге асыратын объектілер және денсаулық сақтау саласында медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар;

19) шлюз – үй-жайдың палата, бөлімше және жалпы дәліз арасындағы бөлігі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Денсаулық сақтау объектілерін жобалауға, салуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

4. Денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға арналған жобалау құжаттамасын бекітуге, жаңадан салынған, қайта жаңартылған денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беруге осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған кезде рұқсат беріледі.

5. Құрылысты жобалау кезінде топырағында органикалық, химиялық, радиациялық сипаттағы ластанулары бар, бұрын қоқыс үйінділеріне, ассенизация алқаптарына, мал қорымдарына, бейіттерге пайдаланылған аумақтардағы жер учаскелерін бөлуге жол берілмейді.

6. Денсаулық сақтау объектілері тұрғын үй құрылысының аумағына, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерден қашықтағы көкжелек немесе табиғи аймақтарға, қалалық, кенттік және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің және осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес орналасуы тиіс.

7. Болу режимі ерекше науқастарға арналған мамандандырылған денсаулық сақтау объектілерін (психиатриялық, туберкулезге қарсы, наркологиялық) және науқастардың ұзақ уақыт бойы болуына арналған қуаты 1000 төсектен астам кешендерді қала маңындағы аймаққа немесе шеткері аудандарға, мүмкіндігінше – қоныстану аумағынан кемінде 500 метр (бұдан әрі – м) қашықтықты сақтай отырып, жасыл массивтерде орналастыру керек.

Туберкулезге қарсы стационарларда периметрі бойынша биіктігі кемінде 2,5 м тұтас қоршау, бақылау-өткізу пункті, күзет көзделуі тиіс.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Денсаулық сақтау объектілерінің аумағы арқылы магистральдық инженерлік коммуникациялардың (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау) өтуіне жол берілмейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Денсаулық сақтау объектілері палаталарының және үй-жайларының ауданы осы Санитариялық қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

Ауылдық жерлерде дәрігерлік амбулаторияларды, фельдшерлік-акушериялық пункттерді, медициналық пункттерді бір немесе бірнеше елді мекенге қызмет көрсетуді есепке ала отырып, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарда орналастыруға жол беріледі. Тұрғын үй ғимараттарында орналастырған кезде көшеден кіретін бөлек есік көзделуі қажет.

Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға, оларға ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларға жеке кіру есігі болған кезде қуаты ауысымына 100 келушіден аспайтын амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін, оның ішінде инфекциялық аурумен ауыратын науқастарға және алколголь мен есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін адамдарға қызмет көрсетуге арналған үй-жағдайларды қоспағанда, күндізгі стационарлары бар ұтымдарды орналастыруға жол беріледі.

10. Тұрғын үй ғимаратында пациенттер тәулік бойы болатын стационарды, микробиологиялық (вирусологиялық, паразитологиялық) зертханаларды, магниттік-резонанстық томография бөлімшелерін орналастыруға жол берілмейді.

Магниттік-резонанстық томографияға арналған үй-жайды жүкті әйелдерге, балаларға және кардиологиялық ауыратын науқастарға арналған палаталармен аралас (көлденең және тігінен) орналастыруға жол берілмейді.

11. Көп бейінді ауруханалардың құрамына кіретін инфекциялық, психиатриялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы бөлімшелер жеке тұрған ғимараттарға орналастырылады.

Туберкулезге қарсы стационарлардың аумағында бактерия бөлетін, бактерия бөлмейтін науқастар үшін бөлек қоршалған серуендеу алаңдары көзделеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Инфекциялық және туберкулезге қарсы бөлімшелерде көлік кіретін (адам кіретін) есік және көлікті дезинфекциялауға арналған алаң көзделуі қажет.

13. Ғимараттардың цоколды және жертөле қабаттарында науқастарға арналған қабылдау және палаталы бөлімшелерді, электрмен-жарықпен емдеу кабинеттерін, босандыру бөлімшесін, операциялық, таңып-байлау, емшара, манипуляциялық, рентген кабинеттерін, шеберханаларды, улы, қатты әсер ететін, жеңіл тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар қоймаларын орналастыруға жол берілмейді.

Қоғамдық және тұрғын үй ғимараттарының жертөле және цокольдық қабаттарында стоматологиялық объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Септикалық және асептикалық операциялық блоктарда (бөлімшелерде) ішкі үй-жайларды қатаң түрде аймаққа бөлу (стерильді аймақ, қатаң режим аймағы, «лас» үй-жайлар аймағы) қамтамасыз етіледі. Операциялық блокты басқа емдеу корпустарына орналастырған кезде жылытылған өтпелер көзделуі қажет. Кезек күттірмейтін хирургияға арналған операциялық бөлімшелерді қабылдау бөлімшелерінің құрамында орналастыруға болады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Операциялық блоктарды бірінің үстіне бірін орналастырған кезде септикалық операциялық блоктар асептикалықтан жоғары орналастырылады.

16. Операциялық блоктар (бөлімшелер) әрі-бері өтетін жолда болмауы тиіс. Персоналдың кіруі санитариялық өткізгіштер арқылы, науқастар үшін шлюздер арқылы көзделеді.

17. Персоналға арналған санитариялық өткізгіштер үш көршілес үй-жай құрамында жобаланады. Бірінші үй-жай себезгімен, санитариялық тораппен жабдықталады. Екінші үй-жай таза хирургиялық костюмдер, аяқ киімдер, бахилалар кию үшін пайдаланылады. Операция өткізгеннен кейін персонал үшінші үй-жай арқылы пайдаланылған киім-кешекті жинауға арналған санитариялық өткізгішке қайта оралады.

18. Операциялық блокта (бөлімшеде) мынадай ағындардың қозғалысы көзделуі керек: «стерильді» (операция жасайтын және ассистент болатын хирургтер, операциялық мейіргерлер), «таза» (анестезиологтар, кіші және техникалық персонал, науқасты, таза киім-кешекті, дәрі-дәрмектерді жеткізу), «лас» (медициналық қалдықтарды, пайдаланылған киім-кешекті, таңу материалын

ш ы ғ а р у) .

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19. Асептикалық бөлімшелерді (блоктарды) қатерлі ісікпен ауыратын науқастарды қарқынды химиялық емдеумен, алдын ала иммундық-депрессивтік емдеу фондында сүйек кемігі мен басқа да ағзаларды транспланттаумен, жіті сәуле ауруларымен, агранулоцитозбен, иммун тапшылығы жағдайында өтетін аурулармен ауыратын науқастарды емдеумен айналысатын денсаулық сақтау объектілерінде, сондай-ақ мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін басқа да денсаулық сақтау ұйымдарында ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Асептикалық бөлімшелерге (блоктарға) мыналар кіреді: дәретханасы, ваннасы немесе себезгісі бар палаталар, емшара қабылдау бөлмесі, дәрігер кабинеті, буфет, стерильді материалды сақтауға арналған үй-жай және бөлімшенің бейініне байланысты басқа да үй-жайлар.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і) .

22. Асептикалық режимі бар бөлімшелерде, сәулелік диагностика және терапия бөлімшелерінде, технологиялық айналымы жабық бөлімшелер: зертхана, ас блогы, орталықтандырылған стерилдеу бөлімшелері (бұдан әрі – ОСБ), дәріхана, кір жуатын орын әрі-бері өтетін жолда болмауы тиіс.

23. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і) .

24. Қан қызметі ұйымдарында өндірістік үй-жайлар «таза» және «шартты лас » ағындардың қиылысуын болдырмайтын технологиялық жүйелілікті сақтай отырып, функционалдық блок бойынша жобаланады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Ана мен баланы қорғау объектілерінде, көп бейінді ауруханалардың

хирургиялық бөлімшелерінде, инфекциялық аурулар стационарларында (бөлімшелер) бөлімшелерді бөлуді қамтамасыз ету қажет.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Гинекологиялық, босандыру бөлімшелерінің қабылдау бөлімшелерінде және балалар стационарының қабылдау бөлімшесінде гардеробы мен себезгісі бар, персоналға арналған санитариялық өткізгіштер жабдықталады.

27. Инфекциялық бөлімшелерде жалпы палаталардан басқа бокстар мен жартылай бокстар көзделуі қажет. Бокстар мен жартылай бокстардың құрамына дәретхана мен ваннадан тұратын санитариялық торап, палата мен дәліз арасындағы шлюз кіреді. Бокста сыртқа шығатын тамбур болуы тиіс.

28. Стационарлық көмек көрсететін барлық объектілердегі палаталы секция әрі-бері өтетін жолда болмауы тиіс.

29. Палаталарда төсектер алаңға қатаң сәйкестікпен орнатылады.

Туберкулезге қарсы стационарларда науқастарды емдеуге жатқызу және олардың ағымын бөлу ағындардың қиылысуын болдырмау үшін эпидемиологиялық мәртебеге (қақырық жағындысының микроскоптық нәтижелеріне, дәрілік сезімталдыққа тестілеуге, емдеу режиміне) сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Балалар бөлімшелерінде үш жастан асқан балаларға арналған асхана көзделуі қажет.

31. Күндізгі стационар жеке блокта орналастырылады және мынадай үй-жайлар жиынын қамтиды: күту аймағы 10,0 шаршы метр (бұдан әрі - м²), дәрігер кабинеті 10,0 м², емшара кабинеті 10,0 м², ересек адам үшін бір төсекке 6,0 м², бала үшін 4,5 м² есебінен күндіз болатын палаталар, санитариялық торап.

32. Туберкулезге қарсы ұйымның әрбір бөлімшесінде қақырық жинауға арналған бөлме бөлінеді, оның тікелей қақырық жинауға арналған бір бөлігі үй-жайдың барлық биіктігі бойынша жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдан жасалған қалқамен бөлінеді.

33. Туберкулезге қарсы стационарлардың әрбір бөлімшесі арасында ауаны зарарсыздандыру құрылғысымен, қол жууға арналған раковинамен жабдықталған шлюз құрылғысы бар «таза» және «лас» аймақтарға бөлінеді.

Шлюздің тұмшаланған есіктерін үй-жайдың барлық периметрі бойынша орналастыру, «лас» аймақ жағына қарай ашылатын диагональ бойынша орнату

және өздігінен жабылатын тетіктермен жарақтау қажет.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34. Бактериологиялық зерттеулерді орындауға арналған туберкулезге қарсы диспансерлердің (бөлімшелердің) бактериологиялық зертханаларында:

1) жұғындыларды дайындауға және бояуға арналған;

2) бактериоскопияға арналған;

3) препараттарды тіркеуге және сақтауға арналған үш жеке секция болуы қ а ж е т .

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35. Медициналық ұйымдарды туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеуге арналған стационарларға қайта бейіндеуге жол берілмейді.

36. Физиотерапия бөлімшелері «құрғақ» (электрмен, жарықпен, жылумен емдеу кабинеттері) және «ылғал» (сумен емдеу, балшықпен емдеу) аймаққа бөлінеді. Емшара жүргізу үшін емдеудің әрбір түрі бойынша жеке үй-жайлар жабдықталады. Электрмен емдеуге және жарықпен емдеуге арналған жабдықтарды бір үй-жайда орналастыруға жол беріледі.

37. Инемен емдеу бөлімшесінде: дәрігер кабинеті, емшара кабинеті, науқастарға арналған демалыс бөлмесі және санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар к ө з д е л у і қ а ж е т .

38. Ыстық-салқын су ванналары үшін өлшемдері 1,75 м х 1,75 м және тереңдігі 1,2 (1,3) м болатын екі жапсарлас бассейн көзделуі қажет. Бір бассейннен екінші бассейнге өту бассейндер арасындағы баспалдақ бойынша ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

39. Балшықпен емдеу залы оларға жалғасқан себезгі кабиналары бар жеке кабиналардан және науқастардың шешінуіне арналған екі кабинадан тұрады. Науқастарға арналған кіретін есік тек шешінуге арналған және себезгі кабинасы а р қ ы л ы б о л а д ы .

40. Электрлі балшықпен емдеу емшаралары балшықпен емдеу үй-жайының құрамына кіретін бөлек оқшауланған үй-жайда өткізіледі.

41. Емдеу-жүзу бассейндері суының айнасының өлшемдері бір жүзетін адамға 6,0 м² есебінен қабылданады.

42. Объектілерде орталықтандырылған стерилдік бөлімше (бұдан әрі – ОСБ), үй-жайлар жиыны мен ауданы осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көзделуі тиіс. ОСБ үй-жайлары мынадай үш аймаққа бөлінеді:

1) лас (лас материалды қабылдау, сұрыптау, дезинфекциялау-жуу машинасына салу);

2) таза (дезинфекциялау-жуу машинасынан тазаланған, дезинфекцияланған және кептірілген материалды шығару, қаптау, стерилизаторға салу).

Медициналық киім-кешекті қаптамалау үшін жеке үй-жай болуы тиіс;

3) стерилді (стерилизатордың стерилді материалының түсуі және оны сақтау).

Таза және стерилді аймақтарға кіру санитариялық өткізгіш арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша үй-жайлар: экспедиция (стерилді материалды беру), медициналық персоналға арналған санитариялық тораптар және тұрмыстық үй-жайлар.

42-1. Дербес ұйымдастырылған медициналық және стоматологиялық кабинеттерде үш жұмыс орнына дейін кемінде $6,0 \text{ м}^2$, төрт және одан да астам жұмыс орындары үшін кемінде $8,0 \text{ м}^2$ жуу-стерильдеу алаңын көздеу керек.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес стерильдеу жабдығын жұмыс орындарында тікелей орнатуға рұқсат етіледі.

Ескерту. Санитариялық қағида 42-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43. Кір жуу орнын жобалау кезінде оның өнімділігі стационардағы бір төсекке тәулігіне құрғақ төсек әбзелдерінің 2,3 килограммын (бұдан әрі – кг) және амбулаториялық-емханалық ұйымға бір рет келуге 0,4 кг құрғақ төсек әбзелдерін жуу есебінен қабылданады.

Қуаты аз денсаулық сақтау объектілерінде құрамында екі үй-жай бар (біреуі жинауға және жууға арналған, екіншісі кептіруге және үтіктеуге арналған) шағын кір жуу құрылғысына (арнайы киімді, орамалдарды, сулықтарды жууға арналған) жол беріледі.

44. Стационарларда дезинфекциялық бөлімше көзделеді (құрамы мен аудандары стационардың қуатымен анықталады). Өзінің дезинфекциялық бөлімшесі болмаған кезде, төсек жабдықтарын дезинфекциялау дезинфекциялы камералары бар ұйымдарда жүргізілуі мүмкін.

45. Биіктігі екі қабаттан артық ғимараттар лифтілермен жабдық алады. Бұл ретте лифтілер «лас» және «таза» ағындардың қиылысуын болдырмау, науқастарды, келушілерді тасымалдау, науқастарға тамақ жеткізу үшін «шартты лас» және «шартты таза» болып анықтау қажет.

46. Инфекциялық (оның ішінде туберкулезге қарсы) стационардың қабылдау бөлімшесінде кемінде екі қабылдау-тексеру боксы көзделеді.

Реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде қабылдау бөлімшесіне кірмей, науқастарды емдеуге жатқызуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47. Науқастарға арналған палаталардың, емдеу-диагностикалық және емшара кабинеттерінің жанына шу мен діріл көзі болып табылатын медициналық және инженерлік жабдықты орнатуға жол берілмейді.

48. Арбамен жылжитын мүгедектер үшін пандустар жабдыкталады.

49. Соқыр және нашар көретін адамдар үшін баспалдақтың жоғарғы және төменгі жағы, баспалдақтың бірінші және соңғы сатысы тұтқаларының учаскелері кедір-бұдырмен және қарама-қарсы бояулармен белгіленеді.

50. Объектілерде науқастар мен персонал үшін бөлек дәретханалар көзделуі тиіс.

51. Соматикалық ауруханадағы палаталы бөлімшелердің науқастарына арналған санитариялық аспаптар (шүмектер, раковиналар, ванналар, унитаздар, писсуарлар) саны, егер олар палаталарда қарастырылмаған болса ерлердің санитариялық торабында он бес адамға бір аспап, әйелдердің санитариялық торабында он адамға бір аспап есебінен қабылданады. Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар саны бойынша қабылданады.

Әйелдер палаталы секцияларының санитариялық тораптары араластырғыш арқылы ыстық және салқын су келтірілген раковинамен, себезгі кабинасымен немесе ваннамен, унитазбен және бидемен жабдыкталады.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

52. Персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда:

1) әр бөлімшеде санитариялық аспаптар саны әйелдер үшін кемінде екі аспап және ерлер үшін бір аспап;

2) инфекциялық және туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімшелерде) он адамға бір себезгі кабинасы, орта және кіші персоналдың неғұрлым көп ауысымында жұмыс істейтін басқа бөлімшелерде он бес адамға кемінде бір себезгі кабинасы көзделуі қажет. Персонал саны аз болған жағдайда бір бөлімшеге бір себезгі кабинасы болуы тиіс.

53. Гирудотерапия кабинетінде мынадай үй-жайлар болуы тиіс: қабылдауды күтуге арналған, емдік емшаралар жасауға арналған кабинет, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар (санитариялық торап, жинау мүкәммалын сақтауға арналған үй-жай).

54. Қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту кезінде жағажай құрылғысына жол беріледі.

55. Балаларға арналған оңалту орталықтарының жатын үй-жайлары

оқшауланған палаталы секциялардан тұрады. Секция құрамы ойын бөлмесімен, жатын палатамен, кептіру шкафтары бар киім ілетін орынмен, буфет бөлмесімен қ о с ы м ш а ж а б д ы қ т а л а д ы .

Балаларға арналған жатын палаталарының сыйымдылығы бес орыннан аспауы тиіс. Екі секцияға үтіктеуге және киім тазалауға арналған бөлме, балалардың заттарын сақтауға арналған үй-жай беру қажет.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

56. Ересектерге арналған оңалту орталығында бір төсектік және екі төсектік жатын бөлмелер көзделуі керек.

Мүгедектерге арналған жататын бөлмелер бірінші қабатта орналасады. Мүгедектерге арналған тұрғын бөлмелер мен тұрмыстық үй-жайлардың есік жақтауларының ені 1,2 м-ден кем болмауы тиіс. Кіретін есіктер автоматты ашылатын және жабылатын (не жылжитын) есіктермен, дәліздерде қабырғалардың бойы мүгедектердің қозғалуы үшін тұтқалармен жабдықталады.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

57. Кресло-арбамен қозғалатын мүгедектер үшін дәретханаларда ені кемінде 1,65 м және тереңдігі кемінде 1,8 м қабырғаға қағылған тұтқа түрінде арнайы құралдармен жабдықталған кабина көзделеді. Себезгі бөлмелерде еден деңгейінен 90-130 см биіктікте тік тұтқа, ваннада көлденең тұтқалар орнатылады.

58. Орталықтың тұрғын корпусында мыналар: емшара бөлмесі, таза және лас киім-кешекке арналған бөлек қоймалар, тұрмыстық бөлме, кезекші персоналдың бөлмесі және жинау мүкәммалын, жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтауға арналған үй-жай көзделеді.

59. Патологиялық-анатомиялық бөлімшеде және мәйітханада үш кіріп-шығатын, екеуі мәйіттерді бөлек қабылдауға және беруге арналған, үшіншісі персоналдың пайдалануына арналған есік болуы тиіс.

60. Мәйітханада мынадай үй-жайлар: мәйіттерді қабылдау және сақтау бөлмесі, секциялық (кемінде екеу), оның ішінде бөлек сыртқы есігі мен кіретін жолдары бар инфекциялық аурулардан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін ашып қарауға және беруге арналған кіші секциялы, жерлеу рәсімдері және мәйіттерді беруге арналған бөлме, тіркелген материалды, киімді, табыттарды және басқа да мүліктерді сақтау бөлмесі, персоналға арналған тұрмыстық үй - ж а й л а р кө з д е л у і қ а ж е т .

61. Ғимарат ішінде мәйіттерді тасымалдауға, ашуға, тіркелмеген секциялық материалды өңдеуге және сақтауға байланысты үй-жайлар гистологиялық

зертханадан, дәрігерлер мен қызмет көрсететін персоналға арналған үй-жайлардан, мұражайдан және тұрмыстық үй-жайлардан тамбур немесе дәліз арқылы бөлінеді.

62. Мәйіттерді сақтауға арналған үй-жайлардың, секция алдындағы, секциялық, мәйіттерді киіндіруге арналған бөлменің және қаза рәсімі өтетін залдың есіктерінің жақтауларын және құрылымын жоспарлау зембилдердің және арбаның еркін өтуін қамтамасыз етуі тиіс.

63. Сот-медициналық сараптама орталықтарында тірі адамдарды сараптау бөлімшесі жеке кіретін есігі бар оқшауланған бөлікте орналасады.

64. Терапиялық, ортопедиялық, хирургиялық, ортодонтиялық стоматологиялық кабинеттердің ауданы негізгі стоматологиялық креслоға 14 м^2 және әр қосымша кресло үшін 7 м^2 есебінен анықталады. Қосымша креслода әмбебап стоматологиялық қондырғы болған жағдайда аудан 10 м^2 -ге дейін үлкейтіледі.

64-1. Стоматологиялық ұйымдарды осы Санитариялық қағидалардың талаптары сақталған жағдайда жеке кіру есігі бар тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың бірінші қабаттарында орналасқан жеке тұрған, жапсарлас (ішіне жапсарлас) салынған үй-жайларда орналастыруға рұқсат етіледі.

Тіс техникасы зертханаларында негізгі үй-жайдағы тіс техникінің жұмыс орны арнайы тіс техникасы үстелімен және шаңды жергілікті соруға арналған электрлі тегістеу машинасымен жабдықталады. Тіс техникасы зертханасының алаңы кемінде $7,0 \text{ м}^2$, бір жұмыс орнына кемінде $4,0 \text{ м}^2$. Стерильдеу және дәнекерлеу бөлмелерінде механикалық іске қосылатын сору шкафтары; негізгі үй-жайлардағы тіс техниктерінің жұмыс орындарында және ысып жылтырататын бөлмедегі әрбір ысып жылтырататын машина жанында шаңды жергілікті сорғыштар, құю бөлмесінде сыртқа тепкіш құю пешінің үстінде, дәнекерлеу бөлмесінде газ плитасының үстінде, полимеризациялық үй-жайда жұмыс үстелінің үстінде сору шатырлары жабдықталады.

Ескерту. Санитариялық қағида 64-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

65. Ағымдық ылғалды дезинфекция жасалатын, ылғалды жұмыс режимі бар үй-жайларда (операциялық, таңып-байлау, босандыру, операция алды, наркоз беретін, емшара, манипуляциялық, микобактериялары көптеген дәрілерге тұрақты туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған стационар үй-жайлары, сондай-ақ ванна, себезгі бөлмелері, санитариялық тораптар, клизма жасайтын, лас киім-кешекті сақтауға және бөлшектеуге арналған үй-жай) қабырғалары әшекейлі тақталармен немесе басқа да ылғалға төзімді материалдармен барлық

биіктігі бойынша қапалады.

66. Палаталардың, дәрігерлер кабинеттерінің, холлдардың, вестибюльдердің, асханалардың, физиотерапиялық, емдік-диагностикалық кабинеттердің қабырғаларын бояу үшін нитробояуларды қолдануға жол берілмейді.

67. Вестибюльдерде еденді жабу үшін механикалық әсерге төзімді материал, операциялық, наркоз жасайтын, босандыру үй-жайларында антистатикалық қасиеттерге ие материал пайдаланылады.

68. Үй-жайлардың едені су өтпейтін, сіңірмейтін және уытты емес, сырғанауды болдырмайтын, оларды санитариялық өңдеуге бейім материалдардан жасалады.

Денсаулық сақтау объектілерінде едендердің линолеум жабындарының ақаулары болмайды, негізге тығыз жапсырылған тегіс болып табылады.

Ескерту. 68-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

69. Пайдаланылуы қабырғалар мен қалқаларды ықтимал ылғалдаумен байланысты раковиналар мен басқа да санитариялық-техникалық аспаптар, жабдықтар орналасқан орындарда соңғыларын еденнен 1,6 м биіктікте және жабдық пен аспаптың әр жағында енін 20 см асырмай әшекейлі тақталармен немесе басқа да ылғалға төзімді материалдармен әрлеу көзделеді.

Денсаулық сақтау ұйымдарында күрделі жөндеу уақытында науқастардың болуына рұқсат етілмейді.

Ескерту. 69-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

70. Инфекциялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімшелерде), ана мен баланы қорғау объектілерінде кіру есіктері, баспалдақтар науқастарды қабылдау және олардан шығару үшін бөлек көзделуі қажет.

71. Денсаулық сақтау объектілерінің ғимараттары орталықтандырылған суық, ыстық сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне қосылады.

Елді мекенде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда, жергілікті жүйе құрылғысына рұқсат беріледі немесе су объектілері қауіпсіздігінің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес келуі тиіс әкелінетін су пайдаланылады.

72. Денсаулық сақтау объектілерінің палаталарында, кабинеттерінде, дәретханаларында, емшара бөлмелерінде, таңу бөлмелерінде, қосалқы үй-жайларда араластырғыштар арқылы ыстық және суық су келтірілген раковиналар орнатылады. Құрал-саймандарды өңдеу жүргізілетін кабинеттерде қол жууға және құрал-сайманды өңдеуге арналған жеке раковина көзделеді.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

73. Операция алды, таңып-байлау, босандыру залдары, реанимация залдары, емшара кабинеттері, жаңа туған нәрестелер палаталары жанындағы мейірбикелер постылары, хирургиялық, гинекологиялық кабинеттер, бокстар, жартылай бокстардың шлюздері, зертханалар шынтақ крандары қондырғысы бар қолжуғыштармен, сұйық антисептикалық сабыны мен антисептиктер ерітіндісі бар шынтақ дозаторларымен жабдықталады.

Ана мен баланы қорғау ұйымдарында хирургиялық және инфекциялық стационарларда әрбір бөлімшеге кіреберісте қолды өңдеу үшін антисептігі бар шынтақ дозаторлары орнатылады.

Медицина персоналының қолды өңдеу үшін антисептігі бар жеке дозаторларын пайдалануына қосымша жол беріледі.

74. Жаңа туған нәрестелер палаталарында балаларды жуындыру үшін кең тостағаны бар және араластырғыш арқылы ыстық және суық су келіп тұратын раковина орнатылады.

75. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болмаған жағдайда, санитариялық өткізгіштерде, операция алды және босандыру залдарында, емшара, таңып-байлау, егу кабинеттерінде, стерилдеу, жаңа туған нәрестелер және бір жасқа дейінгі балалар бөлімшелерінде, санитариялық-тұрмыстық бөлмелерде, жуу, буфет, тарату, ас блоктарында, кір жуатын орындарда үздіксіз жұмыс істейтін су жылытқыштар орнатылады.

76. Объектіні кәрізделмеген және ішінара кәрізделген елді мекенге орналастырған жағдайда жергілікті кәріз жүйесі және шығарылатын тазарту жүйесі көзделеді. Сарқынды суларды қабылдауға арналған су өткізбейтін сыйымдылық (ор) қақпақпен жабдықталады, шаруашылық аймағында орналастырылады және көлемінің үштен екісі толуына қарай тазартылады.

77. Объектілердің сарқынды суларын тазалау және зарарсыздандыру жалпы қалалық кәріздік тазалау құрылыстарында жүзеге асырылады.

Инфекциялық және туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімшелерде) жергілікті тазарту құрылыстары көзделуі қажет.

Инфекциялық, туберкулез, тері-венерологиялық бөлімшелерде бокстардың, жартылай бокстардың шлюздерінде және дәретханаларда персоналға арналған шынтақты немесе жанаспай ағатын шүмектері бар қол жуғыштар орнатылуы қажет, сондай-ақ барлық дәретханаларда жуғыш бактар үшін педальды ағызғыш көзделеді.

78. Балшықпен емдеудің балшық емшаралары мен балшық асүйлері ұй-жайларының сарқынды суларын ағызу балшық тұндырғыштардағы арнайы

жолдар арқылы жүзеге асырылады. Гипс дайындауға арналған үй-жайлардағы қол жуғыштың астына гипс тұндырғыш жабдықталады. Гипс дайындауға арналған үй-жайларда қол жуғыш астында сыйымдылығы $0,1 \text{ м}^3$ болатын қондырғы көзделуі керек.

79. Ас блогының өндірістік сарқынды суларын тазалау үшін объектілерде май жинағыштар орнатылады.

80. Едендегі сарқынды суға арналған траптар дәрет ыдыстарын жууға және дезинфекциялауға, жинау мүкәммалын, ас блогының негізгі цехтары мен кір жуу орындарын өңдеуге арналған еңіспен жарақталады.

81. Су құбыры және кәріз жүйелерінің құбырлары ұзындығы бойынша қаптармен жабылады және жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдан жасалады.

82. Объектілердің үй-жайларында табиғи жарықтандыру көзделеді. Қойма үй-жайларын, санитариялық тораптарды, клизма, жеке гигиена бөлмелерін, персоналға арналған себезгі және гардеробты, термостат, микробиологиялық бокстарды, операция алды және операциялық, аппарат, наркоз бөлмелерін, фотозертханаларды және пайдалану қағидалары табиғи жарықтандыруды талап етпейтін басқа да үй-жайларды екінші жарықпен жарықтандыруға немесе тек жасанды жарықтандыруға жол беріледі.

Палаталы секциялардың (бөлімшелердің) дәліздерінде ғимараттың жанындағы қабырғасындағы және жарық қалталарындағы (холлдардағы) терезелер арқылы жүзеге асырылатын табиғи жарықтандыру болуы тиіс. Жарық қалталары арасындағы арақашықтық 24 м және қалтаға дейін 36 м аспауы тиіс. Емдеу-диагностикалық және қосалқы бөлімшелердің дәліздері жанынан және бүйірден жарықтандырылуы тиіс.

83. Көкжиектің оңтүстік румбаларына бағытталған терезелер күннен қорғау құрылғыларымен (күнқағарлар, жалюздер) жабдықталады.

84. Жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделеді.

85. Төбелерге орнатылатын жарықтандыру шамшырақтары тұтас (жабық) плафондармен жабдықталады.

86. Палаталарды жарықтандыру үшін (балалар мен психиатриялық бөлімшелерді қоспағанда) әрбір төсектің жанына еден деңгейінен 1,7 м биіктікке орнатылатын, қабырғаға ілетін құрамдас шамшырақтар (жалпы және жергілікті жарықтандыру) қолданылады.

87. Табиғи және жасанды жарықтандыру деңгейлері осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қабылданады.

88. Денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларындағы микроклимат пен ауа ортасының тиімді жағдайлары желдету, ауа баптау және жылыту жүйелерімен

камтамасыз етіледі. Сору-сыртқа таратудың желдеткіш жүйелері тазалық сыныбына сәйкес үй-жайлар топтарына қызмет көрсетеді.

Желдеткіш және ауа өткізгіштердің ауа баптау жүйелерін профилактикалық тексеру, жөндеу, механикалық сору-сыртқа тарату желдеткіші және ауа баптау жүйелерін тазарту және дезинфекциялау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Объектілер үй-жайларының температурасы, ауа алмасу жиілігі табиғи ауа алмасуы кезінде осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшада белгіленген параметрлерге сәйкес келеді.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

89. Объектілер орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылады немесе дербес жылу көзі пайдаланылады.

90. Ғимараттар жасанды іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткіш жүйелерімен жабдықталады. Инфекциялық және туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімшелерде) әрбір бокстар мен жартылай бокстардың палаталы секцияларында гравитациялық іске қосылатын дербес сору жүйесі орнатылады, ауаны зарарсыздандыру құрылғысымен және дефлектормен жабдықталады. Инфекциялық бөлімшелерде жасанды іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткіші болмаған жағдайда әрбір бокс пен жартылай боксты ауаны рециркуляциялық түрде зарарсыздандыру құрылғысымен жарақталған табиғи желдеткішпен жабдықталады.

Денсаулық сақтау объектілерінде басшының бұйрығымен ауаны желдету және баптау жүйелерін пайдалануға, желдеткіш жүйелерінің жоспарлы-профилактикалық жөндеу кестесінің орындалуына жауапты адам тағайындалады.

Ескерту. 90-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

91. Операциялық үй-жайлардан басқа барлық үй-жайларда механикалық іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткішінен басқа табиғи желдеткіш болуы тиіс.

92. Туберкулезге қарсы ұйымның желдету және ауа баптау жүйелері үшін сырттан ауа жинау жер бетінен кем дегенде 3 м биіктіктегі таза аймақтан, ауаны шығару кемінде 2 м биіктікте жүргізіледі.

93. Операциялық, наркоз, босандыру бөлмесіне, реанимациялық, операциядан кейінгі палаталарға, қарқынды терапия палаталарына, тері күйігі науқастарына арналған палаталарға берілетін ауа тазалау дәрежесі жоғары бактерицидті ауа сүзгілерінің көмегімен зарарсыздандырылады (кемінде 95%).

94. Операциялық, қарқынды терапия, реанимация, босандыру палаталарында, емшара, зертханаларда медициналық жабдықты пайдалану ауаға зиянды заттарды бөлумен қоса жүретін үй-жайларда жергілікті сорғы құрылғысы немесе сору шкафы қондырғысы қарастырылады. Препараттардың әртүрлі бояудың күрделі әдістемесін қолданатын зертханаларда биологиялық қауіпсіздік шкафтaры о р н a т ы л a д ы .

95. Массаж кабинеттері сағатына ауаны бес рет алмастыратын сору-сыртқа тарату желдеткішімен қамтамасыз етіледі.

96. Үй-жайлардағы ауа ортасының бактериялық тұқымдануы және тазалық сыныбы, сондай-ақ дәрілік заттардың қауіптілік сыныбы осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшада келтірілген рұқсат етілген деңгейлерден аспауы тиіс.

97. Операциялық, наркоз, босандыру бөлімшелерінде, операциядан кейінгі палаталарда, қарқынды терапия палаталарында, онкогематологиялық науқастар, ЖИТС-пен ауыратын науқастар, тері күйігі бар науқастар палаталарында, реанимациялық, сондай-ақ жаңа туған нәрестелерге, емшектегі сәбилерге, шала туған балаларға, жарақат алған балаларға арналған палаталарда ауаны баптау көзделеді. Кювездермен толығымен жабдықталған палаталарда ауа баптауға жол б е р і л м е й д і .

98. Эпидемияға қарсы ерекше режимді сақтауды талап ететін үй-жайларда тиімділігі жоғары сүзгілер болған жағдайда сплит-жүйені пайдалануға жол б е р і л е д і .

99. Ауа алмасу жиілігі белгіленген тазалықты қамтамасыз ету есебінен және ауаның газ құрамын ұстап тұруына қарай таңдалады. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60%, ауа қозғалысының жылдамдығы 0,15 м/сек аспауы тиіс.

100. Ауа өткізгіштер, торлар, желдеткіш камералары және басқа да құрылғылар механикалық зақымдалмай, тотығу іздері болмай, тұмшалануы бұзылмай, таза күйінде ұсталады. Сору-сыртқа тарату желдеткіші (ауа баптау) ауа өткізгіштерінің үй-жайға ауа өткізгіш материалы немесе қорғаныш жабынының бөлшектерін шығаруды болдырмайтын ішкі беттері болуы тиіс. Ішкі жабынның сіңіру қасиеттері болмауы тиіс.

Денсаулық сақтау ұйымдарында желдеткіш жүйелерін тазарту және дезинфекциялау тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 100-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

101. Жалпы алмасу сору-сыртқа тарату және жергілікті сору қондырғылары жұмыс басталардан бес минут бұрын қосылады және жұмыс аяқталған соң бес

минуттан

кейін

ажыратылады.

102. Барлық үй-жайларға ауа жоғарғы аймаққа, стерилді үй-жайларға ламинарлық немесе әлсіз турбулентті ағынмен 0,15 м/сек жылдамдықпен беріледі.

103. Желдеткіш жүйесінің жабдығы сыртқа тарату және сору жүйелері үшін бөлек және дәрігерлер кабинеттеріне, операциялық бөлімге, палаталарға және адамдар үнемі болатын басқа да үй-жайларға жалғаспайтын арнайы үй-жайларда орналастырылады.

104. Сору жүйелеріне арналған үй-жайларда бір сағатта бір мәрте ауа алмасуы бар сору желдеткіші, сыртқа тарату жүйесіне арналған үй-жайларда екі мәрте ауа алмасуы бар сыртқа тарату жүйесі болуы тиіс.

105. Асептикалық үй-жайларда ауа өткізгіштердің, құбырлардың, арматураның жасырын төсемі жүзеге асырылады.

106. Автоклав, себезгі, дәретханаларда, санитариялық бөлмелерде, лас киім-кешектерді, қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайларда және дезинфекциялық құралдарды сақтауға арналған қоймаларда ұйымдастырылған ауа ағымының құрылғысы жоқ жасанды іске қосылатын сору желдеткіші жабдықталады.

107. Сору-сыртқа тарату желдеткіші мен ауа баптаудың дербес жүйелері мына үй-жайлар үшін көзделеді: операциялық блоктар, реанимация залдары мен қарқынды терапия палаталары (септикалық және асептикалық бөлімшелер үшін бөлек), босандыру залдары (босандыру палаталары), жаңа туған нәрестелер палаталары, онкогематологиялық, диализдік, күйік бөлімшелері, таңу бөлмелері, жекелеген палаталық секциялар, рентген кабинеттері.

Ескерту. 107-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

108. Туберкулезге қарсы стационарларда (бөлімшелерде):

1) желдету жүйесі палаталарда сағатына кемінде алты еселік ауа алмасуды және аэрозоль құратын емшараларды орындауға арналған үй-жайларда (қақырық жинау бөлмесі, бронхоскопия) он екі еселік ауа алмасуды қамтамасыз етуі және тұрып қалған аймақтардың пайда болуын болдырмауы тиіс;

2) роторлық немесе пластиналық рекуператорларды пайдалануға жол берілмейді;

3) қауіптілігі жоғары аймақтарға және 1-2-сыныптағы биологиялық қауіпсіздік шкафтарына (бұдан әрі – БҚШ) қызмет көрсететін сору қондырғылары НЕРА-сүзгілерді немесе жеткілікті қарқындылықтағы бактерицидті ультракүлгін сәулеленуді қолдану арқылы ауаны зарарсыздандыруға арналған құрылғылармен жабдықталады;

4) қабатаралық желілерді бір тік коллектормен біріктіруге жол берілмейді;
5) ауаны беруге және шығаруға арналған жабдықтар қарама-қарсы қабырғаларда орналастырылады;

6) үй-жайлардың және шлюздердің барлық есіктері автоматты түрде жабылатын құрылғылармен, палаталардың және бокстардың есіктері (есіктің төменгі жағынан) ауа кіруі үшін желдеткіш торлармен жабдықталады;

7) көптеген дәрі-дәрмекке тұрақты микобактериясы бар туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған бөлімшелердегі дербес сору желдеткіші әр палатада гравитациялық іске қосылатын және дефлектор қондырғысымен орнатылады. Осы бөлімшелердегі сору желдеткіші механикалық іске қосылатын және дәлізге ауа беру арқылы көзделеді;

8) сору ауасының шығыны бір төсекке сағатына кемінде 80 текше метр (бұдан әрі – м³/сағ) құрауы тиіс. Бактерия бөлмейтін науқастарға арналған палаталар сору ауасы көлемінің 80%-ын ауаны сыртқа тарату шығындайтын сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталады;

9) баспалдақ алаңдары, лифт шахталары, көтергіштердің діңгектері ауаны сыртқа шығаруы басым дербес сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталады.

109. Электрмен емдеу, жарықпен емдеу және ультрадыбыстық терапия бөлімшелерінде (кабинеттерінде) кабиналардың ауданы бір стационарлық аппаратқа кемінде 6 м² болуы тиіс.

110. Электрмен ұйықтататын кабинет дыбыс дірілі жағдайларында терезесі тыныш аймаққа бағытталу есебімен өтпелі емес аймаққа орналастырылады. Кабинетте бақылауға арналған қарайтын терезесі бар өтетін аппарат бөлмесі болуы тиіс.

111. Топтық ингаляциялау үй-жайы қалған үй-жайлардан оқшауланады.

3. Денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайлары мен жабдығын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

Ескерту. 3-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

112. Үй-жайларды ылғалды жинау (еденді, жиһазды, жабдықты, терезе алдын, есіктерді) Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, тәулігіне кемінде екі рет (операция жасалатын орындарда операциялар арасында) жүргізіледі.

Жинау мүкәммалында үй-жайлар және жинау жұмыстарының түрлері көрсетілген анық таңбасы болуы, қатаң түрде тағайындалуы бойынша

пайдаланылуы, дезинфекциялануы тиіс.

Ескерту. 112-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

113. Медицина жиһазының сыртқы және ішкі беті тегіс болуы және жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді материалдардан жасалған болуы т и і с .

114. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып палаталы бөлімшелердің үй-жайларын, функционалдық үй-жайларды және кабинеттерді күрделі жинау қабырғаны, еденді, жабдықтарды, мүкәммалды, шамшырақтарды өңдей отырып, айына бір рет және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Күрделі жинау жүргізу үшін персонал арнайы киіммен, жеке қорғаныш құралдарымен, таңбаланған жинау мүкәммалымен және таза шүберекпен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Ескерту. 114-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

115. Науқас ауруханадан шығарылғаннан кейін, ауыстырылғаннан, қайтыс болғаннан кейін босатылған палатада қорытынды дезинфекция типі бойынша жинау жүргізіледі, төсек жабдықтары (матрастар, жастықтар, көрпелер) камералық дезинфекциялауға және дезинфекциялау ерітіндісімен өңдеуге ж а т қ ы з ы л а д ы .

116. Операциялық блокты, таңып-байлау, босандыру залдарын, емшара, манипуляциялық, стерилдеу үй-жайларын, қарқынды терапия палаталарын, асептикалық режимді үй-жайларды ауқымды жинау жабдықты, жиһазды, мүкәммалды өңдеу және дезинфекциялау арқылы аптасына бір рет жүргізіледі.

117. Операциялық бөлмелерде, таңу бөлмелерінде, босандыру залдарында, реанимация палаталарында, жаңа туған және шала туған нәрестелер мен бір жасқа дейінгі нәрестелер палаталарында, емшара бөлмелерінде, инфекциялық бокстарда, асептикалық режимі бар үй-жайларда әрбір ағымдық жинаудан кейін отыз минутқа, ал күрделі жинаудан кейін екі сағатқа ультракүлгін сәулелегіштер қ о с ы л а д ы .

Ауаны зарарсыздандыру үшін басқа қондырғыларды қолдану кезінде есептеу пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

118. Экрандалмаған жылжымалы бактерицидті сәулелендіргіш үй-жайдың бір

текше метріне (бұдан әрі - м³) 2,0-2,5 вт қуат есебінен орнатылады. Экрандалған бактерицидті сәулелендіргіштер үй-жайдағы адамдарға сәуленің бағытталмауы жағдайында үй-жай көлемінің 1 м³-не 1,0 вт қуат есебінен еденнен 1,8-2,0 метр биіктікте орнатылады. Қарқынды үздіксіз жүктемесі бар үй-жайларда ультракүлгін рециркуляторлар орнатылады.

Шамдарға арналған ажыратқыш үй-жайға кіреберісте орналасады және мемлекеттік және орыс тілдеріндегі «Кіруге болмайды, бактерицидті сәулелегіш қосылып тұр!» деген жарық берілетін тақтамен блокталады.

Ауаның тұқымдалуын қауіпсіз деңгейге дейін төмендету үшін мынадай технологияларды қолдануға рұқсат етіледі:

адамдар жоқ кезде қолданылатын ашық және аралас бактерицидтік сәулелегіштердің және жабық сәулелегіштердің, оның ішінде адамдар бар кезде ауаны зарарсыздандыру жүргізуге мүмкіндік беретін рециркуляторлардың көмегімен ультракүлгін сәулемен әсер ету;

бактериялық сүзгілерді, оның ішінде электрлі сүзгілерді қолдану.

Сәулелегіштер мен сүзгілер пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес п а й д а л а н ы л а д ы .

Ескерту. 118-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

119. Науқастардың киім-кешегін ауыстыру жеті күнде бір рет және ластануына қарай жүргізіледі.

Стационарлық емделіп жүрген туберкулезбен ауыратын науқастар аурухана киімімен қамтамасыз етіледі.

Босанған әйелдердің төсек жабдығын ауыстыру әрбір үш күн сайын және ластануына қарай жүргізіледі.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

120. Операциялық, босандыру блоктарында, асептикалық режимдегі үй-жайларда ауруханалық стерилді немесе бір реттік киім-кешек пайдаланылады.

121. Пайдаланылған киім-кешекті жинау тығыз арнайы ыдыста (клеенка, полиэтилен қаптар, жабдықталған киім-кешекке арналған арбалар) жүзеге асырылады. Бөлімшелерде лас киім-кешектерді бөлуге жол берілмейді.

122. Бөлімшелерде лас киім-кешектерді уақытша сақтау (он екі сағаттан асырмай) санитариялық бөлмелерде, осы мақсат үшін арнайы бөлінген үй-жайларда жууға және дезинфекциялауға жеңіл (металл, пластмасса бөшкелер) жабық ыдыста жүзеге асырылады. Лас киім-кешектермен жұмыс істеу үшін

персонал ауыстырылатын санитариялық киіммен қамтамасыз етіледі.

123. Таза киім-кешектер арнайы бөлінген үй-жайларда стеллаждарда, шкафтардағы сөрелерде сақталады.

124. Киім-кешектің ауруханадан тыс киім-кешекпен жанасу мүмкіндігін болдырмайтын арнайы технологиялық желілер бөлінген жағдайда, барлық меншік нысанындағы кір жуу орындарында киім-кешекті жууға жол беріледі. Инфекциялық, іріңді хирургиялық және патологиялық-анатомиялық бөлімшелердің киім-кешектері жуу алдында дезинфекцияланады.

125. Таза және лас киім-кешекті тасымалдау қаптамаланған күйде («таза», «лас» киім-кешек) таңбаланған жабық ыдыста жүзеге асырылады.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Медициналық қалдықтарды жинауға қойылатын талаптар

126. Медициналық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және шығару денсаулық сақтау объектісінде қабылданған, қалдықтармен жұмыс істеу схемасына сәйкес орындалады, ол мынаны көздейді:

- 1) пайда болатын қалдықтардың сандық және сапалық құрамы;
- 2) қалдықтарды жинау тәртібі;

3) қалдықтарды зарарсыздандыру (залалсыздандыру) мен жоюдың қ о д а н ы л а т ы н т ә с і л д е р і ;

4) персоналды қалдықтармен жұмыс істеу кезінде эпидемиялық қауіпсіздік қағидаларына гигиеналық оқыту.

127. Персонал алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден өтеді және В вирустық гепатитіне қарсы егіледі. Қалдықтармен жұмысқа 18 жасқа толмаған а д а м д а р ж і б е р і л м е й д і .

128. Персонал арнайы киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен (халаттар, комбинезон, қолғап, бетперде, респираторлар, арнайы аяқ киім, алжапқыштар, жең қаптар) ж а б д ы қ т а л а д ы .

129. Қалдықтарды жинау үшін бір рет қолданылатын, су өткізбейтін қаптар, пакеттер, металл және пластикалық сыйымдылықтар, жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған контейнерлер (бұдан әрі – ЖҚКЖК) пайдаланылады.

Қалдықтардың әрбір сыныбын жинауға арналған қаптардың, пакеттердің түсі әртүрлі (А сыныбы қалдықтары - ақ, Б сыныбы - сары, В сыныбы - қызыл, Г сыныбы – қара), контейнерлерде, сыйымдылықтарда таңба болуы тиіс. Қауіпті қалдықтарды жинауға арналған металл және пластикалық сыйымдылықтар, контейнерлер т ы ғ ы з ж а б ы л у ы т и і с .

130. А сыныбының қалдықтарын жинау көп рет қолданылатын сыйымдылықтарда немесе бір рет қолданылатын пакеттерде жүзеге асырылады.

Бір рет қолданылатын пакеттер арнайы арбаларда немесе көп рет қолданылатын контейнердің ішінде орналасады. Қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылықтар мен арбалар таңбалануы тиіс.

Арнайы бөлінген тоңазытқыш жабдығы болмаған жағдайда тағам қалдықтарын жиырма төрт сағаттан асырмай уақытша сақтауға жол беріледі.

131. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

132. Б сыныбының қалдықтары түсі сары немесе сары түсті таңбасы бар бір рет қолданылатын жұмсақ (пакеттерге) немесе қатты (тесілмейтін) контейнерлерге жиналады.

133. Шанышпалы және үшкір заттар алдын ала бөлшектелмей және дезинфекцияланбай, тесілмейтін және ылғалға төзімді ЖҚКЖК-ға медициналық қалдықтардың басқа түрлерінен бөлек жиналады.

ЖҚКЖК үшкір заттармен жарақаттануды болдырмайтындай сенімді және бір рет жабылады.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

134. Б сыныбының органикалық, сұйық қалдықтарын жинау үшін олардың герметикалығын қамтамасыз ететін қақпағы бар бір рет қолданылатын, тесілмейтін, ылғалға төзімді контейнерлер пайдаланылуы тиіс.

Сұйық биосубстраттар (қан, сары су, жұлын сұйықтығы) міндетті түрде зарарсыздандыруға (дезинфекциялауға) жатады, содан кейін су бұру жүйесіне төгіледі.

Ескерту. 134-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

135. ЖҚКЖК көлемінің үштен екісінен асырмай толтырылады және пайда болған орындарында тәуліктен асырмай сақталады.

ЖҚКЖК-ы көлемінің үштен екісінен асырмай толтырылады және қақпақпен тығыз жабылады және үш тәуліктен асырмай сақталатын медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайға жіберіледі.

Ескерту. 135-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

136. Аппараттық тәсілдерді пайдалана отырып қалдықтарды

зарарсыздандыруды ұйымдастырған кезде, эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптары қамтамасыз етілген жағдайда Б сыныбының қалдықтарын алдын ала зарарсыздандырмастан, пайда болған орындарында жинауға, уақытша сақтауға, т а с ы м а л д а у ғ а р ұ қ с а т е ті л е ді .

137. Б сыныбының паталогиялық-анатомиялық және органикалық операциялық қалдықтары (ағзалар мен тіндер) термикалық тәсілмен з а л а л с ы з д а н д ы р ы л у ы т и і с .

Зираттарға қалдықтарды көмуді қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаты бар ұ й ы м д а р ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

138. В сыныбының қалдықтары міндетті зарарсыздандыруға (дезинфекциялауға) жатады. В сыныбының қалдықтары түсі қызыл немесе қызыл түсті таңбасы бар бір рет қолданылатын жұмсақ (пакеттерге) немесе қатты (тесілмейтін) контейнерлерге жиналады. Сұйық биологиялық қалдықтар, пайдаланылған бір рет қолданылатын шанышпалы (кесетін) аспаптар мен басқа да медициналық мақсаттағы бұйымдар (бұдан әрі – ММБ) қатты (тесілмейтін), ылғалға төзімді тұмшаланған контейнерлерге салынады.

139. Пайдаланылған люминесценттік шамдар, құрамында сынабы бар аспаптар мен жабдық қара түсті тығыз жабылатын қақпағы бар сыйымдылықтарға жиналады. Сыйымдылықтар толтырылғаннан кейін тығыз жабылады және медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған жайда с а қ т а л а д ы .

140. Қысқа мерзімдік айналымы бар (қатты, сұйық және газ түріндегі) Д сыныбының радиоактивті медициналық қалдықтары тиісті сақтау қоймаларында олар толық ыдырағанға дейін сақталады, содан кейін олар А сыныбының медициналық қалдықтары тәрізді жойылады. Д сыныбының «ұзақ мерзімдік» радиоактивті медициналық қалдықтары арнайы полигондарға (қорымдар) көмуге ж і б е р і л е д і .

141. Медициналық ұйымның жауапты адамы осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қалдықтарды күн сайын есепке алу журналын жүргізеді.

5. Денсаулық сақтау объектілерінде медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға қойылатын талаптар

142. Б, В, Г сыныбының медициналық қалдықтарын уақытша сақтау үшін денсаулық сақтау объектісінде жеке үй-жай бөлінеді.

143. Тамақ қалдықтарын, Б сыныбының зарарсыздандырылмаған қалдықтарын жиырма төрт сағаттан артық сақтау тоңазытқыштарда немесе мұздату камераларында жүзеге асырылады.

Медициналық ұйымдарда (денсаулық сақтау пункттері, кабинеттер, медициналық пункттер) Б және В сыныбының қалдықтарын қосалқы үй-жайларда орналасқан сыйымдылықтарда уақытша сақтауға (жиырма төрт сағаттан артық сақтаған кезде тоңазытқыш жабдығы пайдаланылады) жол беріледі.

144. А сыныбының қалдықтары бар контейнерлер арнайы алаңда сақталады.

145. Контейнерлер объекіден жиырма бес метр қашық орналастырылуы тиіс. Мұндай контейнерлерге арналған алаң үш жағынан 1,5 м биіктікте қоршалуы тиіс.

146. Медициналық қалдықтарды сақтауға арналған бөлме сору желдеткішімен, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығымен, стеллаждармен, медициналық қалдықтары бар пакеттерді жинауға арналған контейнерлермен, ыстық және суық су келтірілген раковинамен, бактерицидті шаммен жабдықталады.

147. А, Б, В сыныбының қалдықтары пайда болған орнында бір тәуліктен асырылмай, арнайы алаңдардағы контейнерлерде немесе қалдықтары бар сыйымдылықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайларда үш тәуліктен асырылмай сақталады. Б сыныбының биологиялық қалдықтары +5°C-тан аспайтын температурада сақталады.

148. Уақытша сақтау үй-жайынан медициналық қалдықтарды автокөлік құралына тиегеннен кейін, үй-жай, пайдаланылған мүкәмнал және жабдық дезинфекцияланады.

149. Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жай шығаруға арналған кіретін жолдары бар денсаулық сақтау объектісі корпусының шығатын жеріне тікелей жақын жерде орналастырылады.

6. Медициналық қалдықтарды тасымалдауға қойылатын талаптар

150. А сыныбының медициналық қалдықтарын тасымалдау кезінде қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауға арналған автокөлік құралы пайдаланылады.

151. Сұйық медициналық қалдықтарды зарарсыздандырмай кәріз желісіне құюға жол берілмейді.

152. Патогенді биологиялық агенттердің қалдықтары, пайдаланылған ыдыс, зертханалардың «жұқпалы» аймағының қатты медициналық қалдықтары сыйымдылықтарға жиналады және автоклавтарда немесе дезинфекциялау

құралдарымен

зарарсыздандырылады.

153. Медициналық қалдықтарды тасымалдауға арналған автокөлік құралы жеңіл дезинфекциялық өңделетін, су өткізбейтін жабық кузовпен жабдықталады.

Автокөліктің «Биологиялық қауіпті қалдықтар» деген халықаралық таңбасы
б о л у ы т и і с .

Ескерту. 153-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

154. Медициналық қалдықтарды тасымалдауға тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөніндегі орган берген оң санитариялық-эпидемиологиялық қортындысы бар автокөлік құралына рұқсат етіледі.

Ескерту. 154-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Медициналық қалдықтарды жоюға қойылатын талаптар

155. Денсаулық сақтау объектілерінің аумағында қалдықтарды өртеуге жол берілмейді. Қалдықтарды термиялық әдіспен залалсыздандыру (өртеу) медициналық қалдықтарды +800-1000⁰С төмен емес температурада термиялық әсер ету жолымен жүргізіледі.

155-1. Денсаулық сақтау объектілерінің аумағында медициналық қалдықтарды залалсыздандыру бойынша арнайы қондырғыларды орналастыру және пайдалану оң санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды және экологиялық сараптама болған кезде рұқсат етіледі.

Қондырғыны орналастыру үшін мыналар көзделеді: ауданы кемінде 10,0 м² қалдықтарды уақытша сақтау үй-жайы, ауа ағымын сору қасиеті бар сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған, су бұру жүйесіне ағылатын және су келтірілген ауданы кемінде 20,0 м² қондырғыны орналастыру үй-жайы (егер өзгесін өндіруші көздемеген болса), қызметтік-тұрмыстық үй-жай (персоналдың бөлмесі, санитариялық торап, себезгі).

Ішкі әрлеу үшін үй-жайлардың функциялық мақсатына сәйкес материалдар п а й д а л а н ы л а д ы .

Ескерту. Санитариялық қағида 155-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

156. А сыныбының медициналық қалдықтары пайда болған орындарынан денсаулық сақтау объектісінің аумағында орналасқан контейнерге жіберіледі

және контейнерлердің толуына қарай, үш күнде бір реттен сиретпей қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады.

157. Қалдықтарды кәдеге жаратудың ақырғы өнімдері қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады.

8. Денсаулық сақтау объектілерінде науқастарды тамақтандыруды ұйымдастыруға, медицина персоналының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

158. Денсаулық сақтау объектісінің ас блогын инфекциялық бөлімшелерден басқа корпустармен және бас корпуспен қолайлы жер асты және жер бетіндегі көлік байланыстарымен қосылған, бөлек тұрған ғимаратта орналастырады.

159. Тағамдарды дайындау кезінде өндірістік үдерістің ағымдылығы қатаң сақталады. Шикізат пен дайын өнімдердің қарама-қарсы ағымына жол беруге болмайды. Шикізатты, тағам өнімдерін тауар көршілестігі қағидаларын сақтай отырып сақтайды. Тоңазытқыш жабдығы болмаған жағдайда тез бұзылатын тағам өнімдерін сақтауға жол берілмейді.

160. Күнсыйынғы таратылатын ас мәзірін жасау кезінде «Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы № 128 қаулысымен бекітілген тамақ нормалары ескеріледі.

161. Ас мәзірін әзірлеген кезде өнімдер мен тағамдарды ауыстыру күндерінде емдәмнің химиялық құрамы мен тағамдық құндылығын (құнарлылығын) есептеу жүзеге асырылады.

162. Күнсыйын ас блогында дайын тағамның тәуліктік сынамасы қалдырылуы тиіс. Тәуліктік сынама үшін бірінші тағамның жарты үлесі қалдырылады, үлесті екінші тағамдар кемінде 100 грамм (бұдан әрі – гр) мөлшерінде толығымен алынады, үшінші тағамдар кемінде 200 гр мөлшерінде алынады. Тәуліктік сынамалар тоңазытқышта арнайы бөлінген орында +2 - +6 градус Цельсий (бұдан әрі – °С) температурада қақпақ ары жабылған банкаларда сақталады. Жиырма төрт сағат өткеннен кейін тәуліктік сынама тағам қалдықтарына тасталады. Тәуліктік сынаманы сақтауға арналған ыдыс (сыйымдылықтар, қақпақтар) бес минут бойы қайната отырып өңделеді.

163. Дайын тамақты аурухананың буфет бөлімшелеріне жеткізген кезде термостар немесе қақпақтары тығыз жабылатын ыдыс пайдаланылады. Тасымалдау арнайы таңбаланған арбалардың көмегімен жүзеге асырылады.

164. Дайын тағамды таратуды буфетшілер және бөлімшенің кезекші мейірбикелері «тағам таратуға арналған» деп таңбаланған халаттарда жүргізеді.

Тағамды таратуды бақылауды тағайындалған диетаға сәйкес аға мейірбике жүзеге асырады.

165. Тарату кезінде бірінші тағамдар мен ыстық сусындарда температура +75 °С, екіншілерде +65 °С төмен болмауы, салқын тағамдар мен сусындарда +7-ден 14 °С дейін болуы тиіс. Тарататын сәтке дейін бірінші және екінші тағамдар дайындалған сәтінен бастап екі сағатқа дейін ыстық плитада тұруына болады. Тамақты бір күн бұрын дайындалған тамақтың және сол күні ертерек мерзімдерде дайындалған тамақтың қалдықтарымен араластыруға жол берілмейді.

166. Буфет бөлімшелерінде: тамақ таратуға арналған және үш ұялы ванна қондырғысы бар ыдыс жууға арналған екі үй-жай көзделеді.

167. Буфеттерде жуу ванналарына су келтірілген резервтік су ысытқыштар, инфекциялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы бөлімшелерінің буфеттерінде асхана ыдысын өңдеуге арналған ауа стерилизаторлары орнатылады.

168. Ыдысты өңдеуді мынадай тәртіппен жүргізеді: тамақты механикалық алып тастау және бірінші жуғышта майсыздандыру құралдарымен жуу, екінші жуғышта ыстық сумен шаю және ыдысты арнайы сөрелерде, торларда кептіру.

169. Инфекциялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы стационарлардың (бөлімшелердің) буфеттерінде, сондай-ақ эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша басқа бейін бөлімшелерінде:

1) ыдысты тамақ ішкеннен кейін буфеттерде бөлек үстелде жинайды, тамақтың қалдықтарынан босатады, зарарсыздандырады, жуады және кептіреді. Зарарсыздандыру химиялық (дезинфекциялық құралдардың ерітіндісімен, оның ішінде жуғыш машинада) немесе термиялық тәсілмен (қайнату, ауа стерилизаторында өңдеу арқылы) жүргізіледі;

2) тамақ қалдықтарын қақпағы бар арнайы таңбаланған бакқа тастайды және бестен бір ара қатынасындағы (экспозициясы бір сағат) құрғақ дезинфекциялық құралды себу тәсілімен тиісті инфекцияға арналған режим бойынша зарарсыздандырады. Пайдаланылған ыдысқа арналған үстел, щеткалар, ысқыштар әрбір қолданыстан кейін дезинфекцияланады. Үстелдер мен ыдысты жууға арналған шүберекті дезинфекциялық ерітіндіге батыру арқылы зарарсыздандырады, шаяды және кептіреді.

170. Науқастарға арналған сәлемдемелер науқастың тегі, аты, берілген күні көрсетілген целлофан пакеттерде беріледі. Сәлемдемелерді беру орындарында, бөлімшелерде беруге рұқсат етілген (олардың саны көрсетіле отырып) және тыйым салынған өнімдердің тізімдері ілінеді.

171. Бір жасқа дейінгі балаларға медициналық көмек көрсету кезінде, балалар

бөлімшелерінің құрамында балаларға арналған қоспаларды дайындауға және құюға арналған үй-жай көзделеді. Құрғақ сүт қоспаларында қаптамасы ашылғаннан кейін ашылу күні және уақыты көрсетілген таңбасы болуы тиіс. Қоспаларды араластыру стерилді ыдысты қолдана отырып жүзеге асырылады.

172. Персоналға арналған тұрмыстық үй-жайлар санитариялық өткізгіш типі бойынша жабдықталады және олардың құрамына мыналар кіреді: киім ілетін орын, себезгі бөлмесі, қол жуғыштар, дәретхана, арнайы киім мен жеке қорғаныш құралдарын сақтауға арналған үй-жай. Киім ілетін орындар арнайы және жеке киімді сақтауға арналған жеке шкафтармен жабдықталады.

173. Персоналды тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін асханалар мен буфеттер көзделуі қажет, барлық бөлімшелерде ауданы $12,0 \text{ м}^2$ (инфекциялық бөлімшелер үшін – $14,0 \text{ м}^2$), тоңазытқышпен, су жылытуға арналған құрылғымен, қол жууға арналған раковиналармен жабдықталған персоналға арналған бөлме бөлінеді. Жұмыс орындарында тамақ ішуге жол берілмейді.

174. Медициналық персонал ауысымдық жұмыс киімінің үш жиынымен: халаттармен, қалпақтармен (орамалдармен), ауысымдық аяқ киіммен қамтамасыз етіледі. Санитариялық киімді ауыстыру күн сайын және ластануына қарай жүзеге асырылады. Санитариялық киімді жуу бір орталықтан, науқастардың киім-кешегінен бөлек жүзеге асырылады.

175. Консультациялық көмек көрсететін медициналық персонал, стационарлардың бөлімшелерінде уақытша жұмыс атқаратын техникалық, әкімшілік-шаруашылық персоналы ауысымдық киіммен және аяқ киіммен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

176. Көптеген дәрі-дәрмекке тұрақтылығы бар микобактериялар бөлетін туберкулезбен ауыратын науқастармен жұмыс жүргізген кезде қорғау дәрежесі жоғары қорғаныш бетперделері мен респираторлар пайдаланылады.

177. Туберкулезге қарсы ұйымдардың басшылары персоналды халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кемінде 94% қорғаныш дәрежесі бар респираторлармен мынадай жағдайларда қамтамасыз етуі керек:

1) инфекциялық аэрозольдің пайда болу тәуекелі жоғары ем-шара кезінде (бронхоскопия, трахея интубациясы, қақырық жинау рәсімі, бактериоскопия, б а к т е р и я л ы қ е г у) ;

2) тексерулер, консультация, тәрбие жұмысын жүргізу кезінде туберкулезбен ауыратын науқастар немесе күдікті науқастар бар палаталарға (секциялар, камералар) барған уақытта науқастармен тікелей байланыс кезінде.

Ескерту. 177-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2014 № 450 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Денсаулық сақтау объектілерінде медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилдеу мен дезинфекциялауды жүргізу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

178. Бір рет қолданылатын медициналық құрал-сайман алдын ала дезинфекциялаусыз кәдеге жаратуға жатады.

179. Көп рет қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдар (бұдан әрі – КМБ) пайдаланылғаннан кейін дезинфекцияланады, стерилдеу алдында тазаланады, кептіріледі, қапталады және стерилденеді.

180. Құрал-сайманды дезинфекциялау оны пайдаланған жерде әртүрлі тәсілдермен (қайнату, бумен, ауамен, химиялық) жүргізіледі.

181. КМБ-ны дезинфекциялау үшін екі сыйымдылық пайдаланылады. Бірінші сыйымдылықта құрал-сайман қанның, сілемейдің, дәрілік препараттардың қалдықтарынан жуылады, сосын экспозиция үшін екінші сыйымдылыққа батырылады. Алмалы-салмалы бұйымдар бөлшектелген күйінде өңделеді.

Биологиялық сұйықтықтарға қатысты бекітуші әсері бар дезинфекциялық құралдарды пайдаланған кезде құрал-сайман суды кейіннен зарарсыздандыру арқылы алдын ала жеке сыйымдылықта жуылады.

182. Дезинфекциялық ерітінділер Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралды пайдалану жөніндегі нұсқауда (әдістемелік нұсқаулықта) көрсетілген мерзімдерге сәйкес пайдаланылады.

183. КМБ-ны стерилдеу алдында тазалау қолмен немесе механикаландырылған (ультрадыбыстық) тәсілмен жүргізіледі. Дезинфекциялық құралдың құрамында жуу компоненті болған кезде стерилдеу алдында тазалау дезинфекциямен бірге жүргізіледі.

184. Стерилдеу алдында өңдеудің сапасы қанның және синтетикалық жуу заттарының сілтілі компоненттерінің қалдық мөлшеріне оң сынаманың болмауымен бағаланады. Әр атаудың (кемінде 3-5 бірлік) медициналық бұйымының кемінде 1%-ы бақылауға жатады.

185. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерилдеу алдында тазалау мен стерилдеу орталықтандырылған стерилдеу бөлімшесінде, ол болмаған жағдайда денсаулық сақтау бөлімшесінің арнайы бөлінген орнында жүргізіледі.

Стерилді материал бөлімшеге жабық көлік контейнерлерінде, арнаулы қаптарда, көлік лифтілерімен жеткізіледі.

186. КМБ-ны стерилдеу жабдықтың тиісті стерилдейтін агенттері мен типтерін пайдалана отырып, физикалық (бумен, ауамен, инфрақызыл, гласперлен), химиялық (химиялық заттардың ерітінділерімен, газбен, плазмалы) әдістермен жүргізіледі.

187. Стерилдеуді нақты құралды қолдану жөніндегі нұсқаулықта,

стерилизаторды пайдалану жөніндегі нұсқауда көрсетілген режимдер бойынша жүзеге асырады.

188. Стерилдеу аппаратурасының жұмысын бақылау физикалық (бақылау-өлшеу аспаптары), химиялық (термохимиялық индикаторлар), биологиялық тесттермен жүзеге асырылады.

189. Стерилизаторлармен жұмысқа он сегіз жастан асқан, медициналық тексеріп-қараудан, курстық оқудан өткен және техникалық минимум тапсыру туралы куәлігі бар адамдар жіберіледі.

190. Балалар бөлімшелерінде ойыншықтар күн сайын жұмыс күнінің соңында сабынды-содалы ерітіндінің 2%-ы пайдаланыла отырып жуылады, ағынды сумен шайылады, кептіріледі. Қуыршақтың киімі жуылады және аптасына бір рет үтіктеледі. Жұмсақ ойыншықтарды пайдалануға жол берілмейді.

191. Ультракүлгін шамдармен жаракталған бактерицидті камералар тек стерилді құрал-сайманды сақтауға ғана пайдаланылады.

10. Денсаулық сақтау объектілерінде санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

192. Қабылдау бөлімшесінде барлық келіп түсетін науқастардың жұтқыншағын қарау, температурасын өлшеу, сырқатнамасына белгі қоя отырып, педикулезге, қышымаға, дерматомикозға тексеру жүргізіледі. Зертханалық зерттеулер жүргізу үшін көрсеткіштер бойынша биоматериал алу жүргізіледі.

193. Инфекциялық ауруға күдіктену кезінде пациентті инфекциялық аурулар бөлімшесіне (ауруханаға) ауыстырғанға дейін қабылдау бөлімшесінің жанындағы диагностикалық палатаға оқшаулайды.

194. Науқастар стационарға келіп түскен кезде қабылдау бөлімшесінде санитариялық өңдеуден өтеді және таза іш киімдер, пижама, аяқ киім жиыны беріледі. Стационарда, туберкулезге қарсы ұйымдарда емделіп жатқан науқастарды қоспағанда, науқастардың үй киімімен жүруіне жол беріледі.

195. Босанатын әйелге айғақтар бойынша тексеруден кейін немесе әйелдің қалауы бойынша санитариялық өңдеу жүргізіледі.

196. Науқастарды емдеуге жатқызу кезінде палаталардың (үш күн ішінде) толықтырылу циклі сақталады.

197. Іріңді-септикалық инфекциямен ауыратын науқастарды іріңді хирургия бөлімшесіне, ол болмаған кезде бөлек оқшауланған палатаға жатқызған жөн.

198. Ірің бөлінетін пациенттерді таңу септикалық таңу бөлмесінде, ол болмаған кезде ірің бөлінбейтін пациенттерді таңып-байлағаннан кейін асептикалық таңу бөлмесінде жүргізіледі.

199. Пайдаланылғаннан кейін жинау мүкәммалы дезинфекцияланады, құрғатылады және кейіннен арнайы бөлінген орында сақталады.

200. Жеке босандыру палатасы сұйық сабынмен, антисептикпен, бір рет пайдаланылатын сүлгімен, қол жуу техникасы бойынша қабырғалық көрнекі құралмен, кілемшемен, доппен, швед шкафымен қамтамасыз етіледі. Палаталарда ылғалды жинауға болатын заттарды қолданған жағдайда еркін интерьерге, ана мен бала үшін өзінің таза киімін қолдануға жол беріледі.

201. Босандыру палатасында ауаның температурасы кемінде $+25^{\circ}\text{C}$ болуы тиіс. Егер мерзімінен бұрын босану күтілетін болса, ауаның температурасы кемінде $+28^{\circ}\text{C}$ болуы тиіс.

202. Босанғаннан кейінгі бөлімшенің палаталары циклмен, кемінде үш-бес күн болудан аспайтындай етіп толықтырылуы тиіс, үй-жайдың температурасы кемінде 25°C болуы тиіс.

203. Ана мен бала бірге болатын палатада жаңа туған нәрестелер үшін жеке балалар төсектері және жаңа туған нәрестелерге арналған құндақтайтын үстел орнатылады.

204. Шала туған балаларға арналған палатада ауаның температурасы $+25^{\circ}\text{C}$ – $+28^{\circ}\text{C}$ болуы тиіс.

205. Балалар бөлімшесінің құрамында балаларға арналған қоспаларды дайындауға және құюға арналған үй-жай көзделеді. Құрғақ сүт қоспаларының қаптамасы ашылғаннан кейін ашылған күні мен уақыты көрсетілген таңбасы болуы тиіс.

206. Мәйіттерді сақтауға арналған үй-жай $+2^{\circ}\text{C}$ - $+4^{\circ}\text{C}$ температураны қамтамасыз ететін тоңазытқыш қондырғыларымен, мәйіттерді тасымалдауға арналған механикаландыру құралдарымен, стеллаждармен, сөрелермен немесе арнайы сейфтермен жабдықталады. Мәйіттерді еденде сақтауға жол берілмейді. Мәйіттерді әртүрлі қабаттарда сақтаған кезде лифт жабдықталады.

207. Секциялық үстелдерге салқын және ыстық су жүргізіледі. Секциялық үстел сарқынды суларды жинауға және кәрізге құю алдында зарарсыздандыруға арналған сыйымдылықпен жабдықталады. Секциялық үстел жанындағы жұмыс орны ағаш тормен жабдықталады.

208. Секциялық үстелдер, каталкалар, зембілдер және мәйіттерді тасымалдауға арналған басқа да құрал-жабдықтар жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді, су өткізбейтін материалмен қапталады.

209. Еден күн сайын жуу құралдарымен жуылады, қабырға панельдері, есіктер ластануына қарай, бірақ аптасына бір реттен сиретпей жуылады.

210. Айына бір реттен сиретпей және инфекциялық аурулардан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін ашқаннан кейін үй-жайларда жуу және

дезинфекциялау құралдарын пайдалану арқылы күрделі жинау жүргізіледі.

211. Секциялық материалмен жұмыс жеке қорғаныш құралдарын (халат, қолғаптар, алжапқыштар, көзілдіріктер) пайдалана отырып жүргізіледі. Туберкулезді жоққа шығармайтын жағдайларда қорғаныш дәрежесі жоғары бетперделер, респираторлар пайдаланылады.

212. Бөлімшелердің жұмысы палатада пациенттерге қызмет көрсету және медициналық көмек көрсету қағидаты бойынша ұйымдастырылады.

213. Персоналдың боксқа кіру есігі арнайы киімді ауыстыру, қолды жуу және дезинфекциялау жүргізілетін шлюздер арқылы инфекциялық емес «шартты таза» дәліз арқылы көзделеді.

